

ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Мемлекеттер дипломатиясы





Ағылшын дипломатиясы классикалық болып табылады, ол XIX–XX ғасырда бүкіләлемдік дипломатияға ықпалын тигізген. 50-ден астам мемлекеттердің дипломатиясы, Ұлыбритания дипломатиясының ықпалымен құрылған. Американдық дипломаттарды дайындауда, әлі күнге дейін британдық оқулықтармен дайындайды. Ағылшын дипломатиясы өз елінің мүддесін іскерлікпен қорғайды. Англияның премьер-министрі және сыртқы істер министрі Генри Пальмерстон XIX ғасырдың ортасында дипломатиялық қызметтің мақсаттарын келесідей тұжырымдаған болатын: «Англияның тұрақты жаулары мен тұрақты достары жоқ. Оның тек тұрақты мүдделері ғана бар». «Ағылшын азаматы – Рим империясының азаматы. Британ үкіметінің күшті қолы оған жер шарының әр бұрышында көмек пен қорғауды қамтамасыз етуі керек». Ал, консервативтік үкіметтің сыртқы істер министрі М. Рифкинд қазіргі ағылшын дипломатиясының мақсатын: «Британдық мүдделерді сақтау британ сыртқы істер министрлігінің жалғыз жұмысы болуы керек», – деп айтқан.

Мемлекетке білімді, тәжірибелі, өз ісінің маманы бола алатын дипломаттар қажет. Қоршаған ортада болып жатқан өзгерістер мен өз мемлекетіндегі өзгерістерге бейімделе алатын жан-жақты тұлға дипломатты дайындау керек. Ал бұл қызметті жүзеге асыратын негізгі мекеме – дипломатиялық қызмет мекемесі. Британ дипломатиялық қызметін ұйымдастырудың негізінде формальды-бюрократиялық үлгі қолданылады. Сыртқы істер мекемесінің практикалық қызметіне қоғамның, парламенттің, академиялық ғылымдардың әсері мен ықпалы соғыстан кейінгі уақытта аз мөлшерде болды. Британ дипломатиялық қызметінің иерархиялық құрылымы, дипломатиялық кадрлардың элитарлығымен, жоғары дәрежедегі құпиялық пен өз ісіне беріктігімен, қызмет атқарудағы ерекше әдістерімен ерекшеленеді.

Ұлыбритания – дәстүрлердің елі, бірақ бұл сипаттама аз мөлшерде оның дипломатиясына қатысты. 60-жылдардың басынан британдықтар 4 рет дипломатиялық қызметінде реформалар жүргізген болатын. Олар әртүрлі жаңашылдықтар енгізгенімен, кейде ірі, кейде аз маңызды, бірақ мұндай өзгерістер дипломатиялық жүйені тек қана жақсартта түсті.

Британ дипломатиялық қызметінің ерекшеліктері:

- дипломатиялық қызмет айрықша мемлекеттік қызмет, өзіндік іріктеу ережесі бар, қызмет баспалдағы және жеке кадрлық сипаттамаларға ие;
- қызметке қабылдану үшін үміткерлер ерекше квалификациялық емтиханнан және міндетті ашық конкурстан өтуі қажет;
- барша үміткерлерге тең мүмкіндіктер жарияланғанына қарамастан, Ұлыбританияның дипломатиялық қызметі өзіне тән тарихи және элитарлық сипатқа ие;
- дипломатиялық қызметкерлердің жұмысы кәсіби негізбен ұйымдасқан, яғни жалдаушымен (мемлекетпен) ұзақ мерзімді контрактіге келіседі және кәсіби даярланған кадрлардың бәсекелік жағдайда қызметімен жоғарылауы қамтамасыз етіледі.

Британ дипломатиясының ұйымдастыру формасын жетілдіруде ең маңызды қадам – 1782 жылғы (Солтүстік департамент негізінде) бірегей орталықтандырылған дипломатиялық мекеменің, қазір де өзінің атауын сақтап қалған – Форин офистің құрылуы болды. Ал Американың дипломатиясына келер болсақ, АҚШ-ң мемлекеттік департаменті өзінің сыртқы саяси қызметін басқа да мекемелермен бөлісіп атқарып отырады, мысалы Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік кеңесі, Орталық барлау басқаруы, Конгресс, Ақ үй аппараты және көптеген салалы министрліктер. Бұл билік және басқару органдарының барлығы президенттің сыртқы саясаты барысында қабылдайтын шешімдеріне тиімді түрде әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, мемлекеттік департаменттегі кадрлардың орналасуын, әсіресе, шетел өкілдіктеріндегі мамандарды қадағалап, жұмысын оңтайлы реттеп отырады.

Американдық дипломатияның тарихы жаңа болса да, айтатын ерекшеліктер көп. Ол өзінің бойында ағылшын дипломатиясын сіңіріп, өзіне тән дипломатияны бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап, кейіннен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін нығайта бастады. Ағылшын дипломаттарының бірі америкалық дипломатияны былай бағалады: (Американдық дипломаттар өздері жайлы жағымды ой қалыптастыруға тырысып, екінші мемлекетке достық қарым-қатынастық жағынан көрсеткісі келеді, алайда бәсекелестікте бірінші болып жеңуге тырысады). Ағылшындарға қарағанда американдықтар этикетке қатты жүгінбейді, байланыс орнатуға жылдамырақ. Кандидатты жұмысқа аларда сараптамалық қабілетке көңіл бөледі.



АҚШ-та құжаттарды дайындау барысында келесі дағдыларға көңіл бөледі:

- Сараптамалық жағы анықтамалық жағынан әлдеқайда басым болуы керек;
- Сараптау жасағанда барлық дереккөздерді пайдалану керек;
- Құжат неғұрлым қысқа болуы керек (1-2 бет);
- Құжат дипломатиялық өнердің үлгісі болуы тиіс. Алдын ала дайындалып, уақытылы өткізілу керек.

Француз дипломатиясы ағылшын дипломатиясы сияқты әлем дипломатиясына орасан зор үлес қосты. Ғасырлар тоғысында әлем дипломатиясының үштігіне ағылшын, француз, шығыс дипломатиялары кірді десек қателеспейміз.

Стефан Кларк

Француз дипломатиясы өте ерекше (оның спецификасын қалай жек көрсең, солай таңғаласың). Бір елші былай дейді: (ол – дипломатиялық дипломатия). Мысалға Шарль де Голь, НАТО әскери ұйымынан шығу туралы сөз сөйлегенде, Францияның әскери қауіпсіздігін жақтап, ешқандай салдарсыз, өзінің құқықтарын дәлелдеп берген. Дипломатия тарихының маманы неміс Р. Заллет Францияның дипломатиясы туралы: «Францияның Сыртқы істер министрлігі және дипломатиялық қызметі ғасырлық тарихын және дәстүрлерін жақсы сақтаған». Ал Никольсон болса: 1700–1800 жылдықта француздар дипломатияда үлгі көрсетіп, барлық Еуропа мемлекеттері, осы тағылымға ерді. Францияның дипломатиялық қызметі сол кездердегі, басқа елдермен салыстырғанда, тармақты болған, латын тілінің орнына дипломатиялық тілдесудің тілі француз тілі болды. Сол кездегі бірінші мемлекеттік қайраткер Кардинал Ришелье былай деген: «Дипломатия келіссөздерді талап ететін, үздіксіз процесс». XVII ғасырдың басында ол дипломатияның жетістігіне қоғамдық пікір маңыздылығының зор екенін білді және француз дипломаттарын белсенді насихатқа, қоғамдық пікірмен санасуға және оған әсер ету қажеттілігіне назар аударуды қажет деп есептеді. Ал экс сыртқы министрі Ален Жюппе «Францияның сыртқы саясатын айқындағанда, Францияның халықаралық аренада жеке орны болуы керек. Францияның жолында әлемдік көшбасшы ретінде ешқандай держава тұрмау керек» деген. Сондықтан, мемлекет дипломаттары тәуелсіздік және егемендік сұрақтарына өте мұқият.

Еуропалық Одақтың құрылуы қарсаңында Жан Моне мен Роберт Шуман (Отандық Еуропа) деп ұрандағанда, Де Голль оны (Еуропалық Отан) деп ауыстырған. Осымен Францияның егеменді екендігін тағы көрсеткісі келген. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін француздар (Француз ұлылығы) (de grandeur) дипломатиясын құрды, ол оның державалық салмағын кеше бүгін ертең деген мағынада орнатты. Француздар, келіссөздер жүргізгенде қатаңдық принциптерін ұстанып, өзінің позицияларын жібермеуге тырысады. Әрдайым Наполеонды мысалға келтіргенді ұнатады. Олар өздерінің дәстүрі, ғылымы, сурет өнері мен мәдениетін мақтан тұтады. Тағы бір айта кететін жайт олар келіссөздер алдында, талқылайтын сұрақтарды алдын ала айқындап алуға тырысады, кейіннен барлық сұрақтардың басын біріктіріп, келіссөз кезінде бір ымыраға келтіргенді жақсы көреді.

Неміс дипломатиясы

Немістер өзінің ұқыптылығымен ерекшеленеді. Келіссөздерде өздерін қатаң, тіке, байсалды ұстайды. Г. Никольсон оларды бейнелегенде абыз ретінде көрсеткені бекер емес. Г. Крюгер, неміс дипломатиясының майталманы, заңгер неміс дипломаттарының «соққыны ұстау» қабілетін атап өтеді. Оған куә ретінде соғыста Германияның жеңіліске ұшырауы. Оларды басқа мемлекеттермен салыстырғанда заңдарды жақсы білуі ерекшелейді. Жұмыс барысын жүргізгенде біркелкі, алдымен қарапайым сұрақтардан бастап, соңында шиеленіс тудыратын сұрақтарға көшкенді қалайды. Немістер 2–3 шет тілдерін жақсы меңгерген, жұмысқа тұрарда



ізденуші алдымен қандай аймақпен жұмыс жасайтынын алдын ала білгеннен кейін, соған тиеселі етіп шет тілдерін меңгереді. Олардың тағы бір ерекшелігі келіссөз жүргізуде, жалпы адамдармен қарым-қатынаста, субординация сақтағанды қалайды (жақындары болмаса ғана). Сонымен қатар, жинақылығы, «әрбір зат өз уақытында орындалу керек және өз орнында тұру керек» неміс дипломаттарының жиі қолданылатын сөздері. Жас мамандарға қойылатын талаптардың бірі: психологиялық және физикалық жағынан тұрақты болу, жан-жақты қоғамдық жұмыстарға белсенділік таныту т.б.

Италиян дипломатиясы

Италияндықтар өздерінің тарихын Рим империясымен ұштастырады. Халықаралық құқықтың пайда болуы да осы Италияның тарихымен байланыстырылады. Латын тілі бұл аумақта XVII—XVIII ғасырға дейін қолданылып, қазіргі күні латын тілінің кейбір мәтіндері дипломатиялық құжаттарда қолданылады. Олар өздерінің салт-дәстүрімен, мәдениетімен, өнері және аспаздығымен мақтана алады және келіссөздер барысында екінші тарап жағымды пікірлер қалдырса, онда мұндай пікірлер оларды қуантады.

Зерттеушілер италияндықтардың мінездері туралы: байланысқа тез шығады, экспансивті, мәдениет құндылықтарын тұтушы. Алайда олардың уақытқа осалдалдылығы және ұқыпты болмауы кері жақтарының бірі. Италияның дипломаттарына саяси партияларға кіруге рұқсат берілмейді.

Жапония («Күншығыс елі») — Шығыс Азия жағалауларына жақын маңдағы Тынық мұхит аралдарында орналасқан мемлекет. Ел 4 мыңға жуық аралдардан тұрады. Ең үлкендері: Хоккайдо, Хонсю, Сикоку, Кюсю. Жапония — конституциялы монархияны сақтаған ел. 1947 жылы 3 мамырда қабылданған конституция бойынша император — «мемлекет пен халық бірлігінің көрінісі» Халықаралық дипломатия ортақ әдеп нормаларына бағынады. Жапон дәстүріндегі иіліп амандасудың үш түрі де дипломатиялық қатынастар барысында орындалады. Жапондар қол алысып амандасудан бас тартпағанмен, амандасудың ұлттық стилін сақтауға тырысады.

Дипломатиялық этикет — өз мемлекетін таныстыратын лауазымды тұлғалар, саяси және қоғамдық қайраткерлер арасындағы қарым-қатынастың жақсы мәнері. ХХІ ғасырда Жапония барша әлемге танымал, әрі мықты образын орната алды, бұл — дәстүрлерді құрмет тұтатын тыныштық пен бейбітшілік елі, озық технологиялық және экономикалық алып мемлекеттің образы. Әлемнің қай түкпірі болсын Жапония деген мемлекетті білмейтін адам жоқ десе артық айтқандық болмас. Әрине, Жапония бірден осындай имиджге қол жеткізді деу қате болар. Жапон дипломатиясы Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігінің шебер атқарып жатқан қызметінің арқасында көптеген нәтижелерге жетіп отыр. Соңғы жүзжылдық барысында Жапонияның дипломатиясы басынан түрлі қиын кезеңдер, гүлдену шақтары мен өзгерістерді кешті. Жапония осы уақыт аралығында алуан түрлі мемлекет образын киіп көрді десе де болады. Америкалық социолог-политолог С.Ф. Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы атты әйгілі тарихи-философиялық трактатында былай деген: «Бүгінгі заманғы әлемде «дау-жанжалдардың негізгі көзі енді идеология да, экономика да болмайды... Адамзатты бөлетін аса маңызды межелер мен дау-жанжалдардың төркіндері енді мәдениет арқылы белгіленетін болады».

Жапонияның алдында тұрған тағы бір жаһандық мәселе — «Барлық әлемге үндестік рухы («ва») мен бірлесе қатар өмір сүруді («кёсэй») нығайту қажеттілігі. Басқа адамдардың күйзелісін түсіну мен табиғатпен үндестік — жапон философиясы мен жапондықтардың өмір жолының негізі. Бұл қағидалар драмалық өнерден бастап қолөнерге дейінгі барлық өрісті қамтып жатыр». Дипломаттың жұмыс барысына келетін болсақ, Жапондық дипломатияда болашақ дипломаттарға үлкен талаптар қойылады. Іс барысындағы әрбір жеңісі мен жеңілісі қадағаланып отырады. Келіссөздерге мықты дайындықпен келеді, алайда қиын жағдайларда немесе тез шешім қабылдау керек жағдайларда, керісінше баяу әрекеттер жасайды. Ерте кезде Жапонияда дипломаттар өздерінің ниеттерін жасырып отырған. Шет елдіктердің Жапониялық дипломаттармен алғашқы кездескенінде ең бірінші назар аударатыны, олардың негізгі ойының күлкімен жасырылуында.



Боб Данхэм «Искусство быть японцем» атты кітабында, жапондықтар қандай болып келеді? деген сұраққа жауап ретінде былай дейді: Батыста адамдар саған шындықты немесе өтірік айтады, ал Жапонияда ешқашан алдамайды, бірақ шындықты айту олардың ойына да келмейді. Бәріне белгілі жапондықтар иә немесе жоқ деген жауаптардан қашқақтайды. Олар өздерінің ойларын тікелей жеткізбейді. Жас буыннан тәрбие болып берілген нәрсе, адамдармен бетпест түйіспейді. Сондықтан да олар табалау немесе жаман сөз айтпайды осындай әрекеттерді екінші тараптан күтеді. Ізеттілік ең басты қасиеттердің бірі болып саналады. Дипломаттар келіссөз жүргізер алдында ең алдымен екінші тарап туралы барлық ақпаратты жинап олар туралы сараптама жасағаннан кейін келіссөздерге дайындалады.

Жапондықтарға тән қасиет – ұқыптылық, адамды тыңдай білу, алайда ол сізге қарап басын изесе, келіскен дегенді білдірмейді. Сонымен, Жапонияның дипломатиясының ерекшеліктерін қорытындылай келе, оның келесі тиімді жақтарын атап өтуге болады:

- дипломатия мемлекеттік маңыздылыққа ие сала, Халықаралық мәдени алмасулармен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар мен бағдарламаларының көптігі;
- Шетелде ұлттық құндылықтар мен мәдениетті әйгілі ететін іс-шаралар, көрмелер, концерттер, спорт шараларын барынша жиірек өткізілуі;
- Шетел баспасөзі мен БҰҚ-мен небәрі тығыз байланыс орнатып, олармен жұмыс істей білуі;
- Шетелдік азаматтарды жапон мәдениетімен таныстырып, жапон тілін оқытуға арналған мәдениет орталықтарын ашуы;
- Мемлекетті ассоциациялайтын белгілі бір мәдениет элементерін, ұлттық брендты жасай білуі; барлығы жапон дипломатиясы, оның ішінде мәдени дипломатиясына үлкен үлесін қосады.

Дамушы мемлекеттердің дипломатиясы

Біріншіден дамушы мемлекеттерге қандай критерийлер кіреді деген сұрақтарға жауап берген жөн. Нью-Йорк академиясының профессоры А. Фокс кіші мемлекеттердің әскери әлеуеті әлсіз, сондықтан да ірі акторлардың қармағына түсіп кетпеу үшін олар Макиавелийдің әдістерін қолданғанды жақсы көреді. Торуылды байқау үшін түлкі, қасқырларды құдалау үшін арыстан кейіптерін қолданысқа алады дейді. Олар үшін тек арыстан кейпін қолдану жетістік әкелмейді, сондықтан да олар өздерінің географиялық, транзиттік, мұнай әлеуеттерін орнықты қолданып, дивиденттер ала алады.

Дипкорпуста кіші мемлекеттер көршілік қарым-қатынастарды жақсы ұстайды, сондықтан да бірінші мемлекетпен қатынас орнатылса, екінші мемлекетпен қатынас орнатылуға жол ашылады. Көптеген еуропалық мемлекеттердің өзіндік дипломатиялық тарихы мен Мемлекеттері бар, ол мемлекеттерге: Швеция, Испания, Түркия, Грекия, Швейцария кіреді. Кіші мемлекеттер өздерінің орнатылған байланыстарын жайып салуға тырыспайды, керісінше кейде жасырын сақтайды, өйткені бұл маневр екінші немесе үшінші тараппен қатынас орнатуға көмектеседі, ал ол оған көп векторлы саясат жүргізіп пайда әкелуге көмектеседі. Кіші мемлекеттер басқа мемлекеттерге көмектесуде айрықша рөл атқарады. Бірінші болып Швейцария, кейіннен бұл эстафетаны Швеция қолына алды. Байланыс орнату алдында олардың этикетімен талаптарымен таныс болған жөн.

Испанияда егер сізге, визит карточкасын берсе, онда ол жоғары сенімділіктің белгісі. Испан дипломаттары, қоғам қайраткерлері байланысқа жылдам, шапшаңдылық танытып, тез қарым-қатынас орната алады, алайда егер олар сізді таңғы асқа шақырса, оны жай формалды түрде сый-сияпат ретінде қабылдау керек. Олар осындай ұсыныстарды тек 3 рет шақырғанда ғана қабылдауға болады.

Голландияда ұстамдылықты ұнатады. Олар достық қарым-қатынасқа тез бармайды. Испандықтарға қарағанда уақыттың есебін білетін халық. Қолмен амандасу міндетті емес, тек жәй сәлемдесу жиі пайдаланылады. Комплименттерге ұстамды принципті қолданады.



Венгрлер (Мадиярлар) өте эмоционалды халық, сондықтан да байланысқа тез бара алады. Кәсіптік сұрақтарды дастарқан үстінде талқылауды ұнатпайды. Дегенмен достық қарым-қатынасты орнату үшін ресторанда бірігуді қалайды. Швейцарияда алдын ала келіссөз уақытын талқылау міндетті. Әйелдердің қолын алу міндетті емес, алайда гүл беру жақсы әдет деп саналады. Швецариялық дипломаттар өздерінің тарихы мен мәдениеті және нейтралитетін құнды деп есептейді.